

**Отбасы жағдайында тәрбиеленетін балаларға және олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған консультациялық пункт туралы  
ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы ережелері**

1.1. Осы ереже балабақша-ның консультациялық пунктiнiң қызметiн реттейдi. Консультациялық пункт балабақша-ға бармайтын 1-жастан 6 жасқа дейiнгi балалар мен олардың ата-аналары (заңды өкiлдерi) үшiн құрылады және мектепке дейiнгi бiлiм беру бағдарламасын iске асыратын балабақша-ның құрылымдық бөлiмi болып табылады.

1.2. Құру мақсаттары – отбасылық және қоғамдық тәрбиенiң бiрiздiлiгi мен сабақтастығын қамтамасыз ету, ата-аналарға (заңды өкiлдерге) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, балабақша-ға бармайтын бала тұлғасының жан-жақты дамуын қолдау.

1.3. Негiзгi мiндеттерi:

- балалардың дамуына жағдай жасауға жан-жақты көмек көрсету;
- бала тәрбиесiне, оқуы мен дамуына қатысты әртүрлi мәселелер бойынша консультациялық көмек көрсету;
- балалардың әлеуметтенуiне ықпал ету;
- балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтiк дамуындағы әртүрлi ауытқушылықтарға кешендi профилактика өткiзу;
- мектепке дейiнгi ұйым мен балалар мен ата-аналарды (заңды өкiлдердi) әлеуметтiк және медициналық қолдайтын басқа ұйымдар арасында әрекеттестiктi қамтамасыз ету;
- күрделi асқынулардың алдын алу мақсатында ерте кезеңде баланың мүддесiне қатысты жанжалдарды, қиын жағдайларды тану, болжау және шешу.

**II. Консультациялық пункт қызметiн ұйымдастыру**

2.1. Ата-аналарға (заңды өкiлдерге) арналған лекторийлердi, теоретикалық және iс-тәжiрибелiк семинарларды, ата-аналардың сұрауы бойынша жеке және топтық консультацияларды ұйымдастыру, жазбаша өтiнiшi, телефонмен қоңырау шалу, мектепке дейiнгi ұйым сайтының жұмысын ұйымдастыру бойынша сырттай консультация өткiзудi ұйымдастыру және т. б.

2.2. консультациялық пункт төмендегi мәселелер бойынша ата-аналарға (заңды өкiлдерге) көмек көрсете алады:

- балабақш-ға бармайтын мектеп жасына дейiнгi балаларды әлеуметтендiру.
- Балалардың жас, психофизиологиялық ерекшелiктерi.
- Мектепте оқуға дайындық.
- балабақш-ға бармайтын мектеп жасына дейiнгi балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтiк дамуындағы әртүрлi ауытқушылықтардың алдын алу.
- Бiлiм беру бағдарламасын таңдау.
- Ойын қызметiн ұйымдастыру.
- Балалардың тамақтануын ұйымдастыру.
- Балаларды шынықтыру мен сауықтыруға жағдай жасау.
- Әртүрлi санатты отбасынан шыққан балаларды әлеуметтiк қорғау.

2.3. Отбасына көмек көрсету мақсатында консультациялық пункт мамандары әңгiмелесу формасында, диагностикалық зерттеулер жүргiзу, балаларды қадағалауды ұйымдастыру арқылы қосымша ақпарат алу үшiн балалармен жұмыс жүргiзе алады және т. б.

2.4. Консультациялық пунктте ата-аналармен (заңды өкiлдермен) және балалармен жұмыс әртүрлi формада өткiзiледi: топтық, жеке.

2.5. Консультациялық пункт таңғы және (немесе) кешкi уақыттарда аптасына 1-2 рет жұмыс iстейдi.

2.6. Ата-аналарға (заңды өкiлдерге) психологиялық-педагогикалық көмек көрсетудi ұйымдастыру мына мамандардың қызметтерiн ықпалдастыру негiзiнде құрылады: тәрбиешiнiң, педагог-психологтың, логопед мұғалiмнiң, медициналық қызметкердiң және басқа мамандардың.

Консультациялық пунктке жұмысқа тартылған мамандар саны МДҰ түрімен, оның кадрлық құрамымен анықталады.

2.7. Педагогтердің құқықтары, әлеуметтік кепілдіктері мен жеңілдіктер ҚР заңнамасымен, еңбек шартымен анықталады.

2.8. Консультациялық пункт қызметін тіркеу үшін келесі құжаттаманы жүргізу қажет:

- жүгінулерді тіркеу журналы;
- консультациялық пунктке келу журналы;
- консультациялық пункт жұмысының жоспары;
- консультациялық пункт жұмысының кестесі;
- өткізілген дәрістер, семинарлар кестесі және т. б.;
- ата-аналар (заңды өкілдер) мен мектепке дейінгі ұйым басшысы арасындағы шарттар, оған тараптардың өзара құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі кіреді.

2.9. Консультациялық пункт «Консультациялық пункттің жұмысын қамтамасыз ету туралы» 2023 жылғы «29» тамыздағы №37 бұйрығымен ашылады, онымен Консультациялық пункт туралы ереже, штаттық кесте, қызметкерлердің лауазымдық міндеттері, жұмыс тәртібі бекітіледі. Консультациялық пунктті ол жанында құрылған мектепке дейінгі ұйым басшысы тікелей басқарады.



**ПОЛОЖЕНИЕ**  
**о консультационном пункте для родителей (законных представителей)**  
**и детей, воспитывающихся в условиях семьи**

**I. Общие положения**

1.1. Настоящее положение регулирует деятельность консультационного пункта детского сада. Консультационный пункт создаётся для родителей (законных представителей) и детей в возрасте от 1 года до 6 лет, не посещающих дошкольные организации и является самостоятельным структурным подразделением детского сада, реализующего программу дошкольного образования.

1.2. Цели создания – обеспечение единства и преемственности семейного и общественного воспитания, оказание психолого-педагогической помощи родителям (законным представителям), поддержка всестороннего развития личности детей, не посещающих детский сад.

1.3. Основные задачи:

- оказание всесторонней помощи в обеспечении условий для развития детей;
- оказание консультационной помощи по различным вопросам воспитания, обучения и развития ребёнка;
- оказание содействия в социализации детей;
- проведение комплексной профилактики различных отклонений в физическом, психическом и социальном развитии детей;
- обеспечение взаимодействия между детским садом и другими организациями социальной и медицинской поддержки детей и родителей (законных представителей);
- распознавание, диагностирование и разрешение конфликтов, затрагивающих интересы ребёнка, проблемных ситуаций на ранних стадиях развития с целью предотвращения серьёзных осложнений.

**II. Организация деятельности консультационного пункта**

2.1. Основными формами деятельности Консультационного пункта является организация лекториев, теоретических и практических семинаров для родителей (законных представителей), индивидуальных и групповых консультаций по запросу родителей (законных представителей), организация заочного консультирования по письменному обращению, телефонному звонку, через организацию работы сайта дошкольной организации и т. д.

2.2. Консультационный пункт может осуществлять помощь родителям (законным представителям) по следующим вопросам:

- Социализация детей дошкольного возраста, не посещающих детский сад.
- Возрастные, психофизиологические особенности детей.
- Готовность к обучению в школе.
- Профилактика различных отклонений в физическом, психическом и социальном развитии детей дошкольного возраста, не посещающих детский сад.
- Выбор образовательной программы.
- Организация игровой деятельности.
- Организация питания детей.
- Создание условий для закаливания и оздоровления детей.
- Социальная защита детей из различных категорий семей.

2.3. В целях оказания помощи семье специалисты Консультационного пункта могут проводить работу с детьми с целью получения дополнительной информации в форме беседы, проведения диагностических исследований, организации наблюдения за детьми и др.

2.4. Работа с родителями (законными представителями) и детьми в Консультационном пункте проводится в различных формах: групповых, индивидуальных.

2.5. Консультационный пункт работает 1–2 раза в неделю в утренние и (или) вечерние часы.

2.6. Организация психолого-педагогической помощи родителям (законным представителям) строится на основе интеграции деятельности специалистов: воспитателя, педагога-психолога, учителя-логопеда, медицинского работника и других специалистов. Консультирование родителей (законных представителей) может проводиться одним или несколькими специалистами одновременно. Количество специалистов, привлечённых к работе в консультационном пункте, определяется видом дошкольной организации, его кадровым составом.

2.7. Права, социальные гарантии и льготы педагогов определяются законодательством РК, трудовым договором.

2.8. Для фиксации деятельности консультационного пункта необходимо ведение следующей документации:

- журнал регистрации обращений;
- журнал посещаемости консультационного пункта;
- план работы консультационного пункта;
- расписание работы консультационного пункта;
- расписание проведённых лекций, семинаров и т. д.;
- договоры между родителями (законными представителями) и руководителем дошкольной организации, включающий в себя взаимные права, обязанности и ответственность сторон.

2.9. Консультационный пункт открывается приказом №37 от «29» августа 2023 года «Об обеспечении работы консультативного пункта», которым утверждается Положение о консультационном пункте, штатное расписание, должностные обязанности сотрудников, режим работы. Непосредственное руководство консультационным пунктом осуществляется руководителем дошкольной организации, при котором он создан.